



## МАҚАЛ-МӘТЕЛ

Мақал-мәтел - халық әдебиетінің қоғамдық құбылыстарды кең қамтып, өмірдегі әр қилы қарым-қатынастарды әсерлі, көркем бейнелейтін тақырыбы, идеялық мазмұны бай, ең бір мол саласы.

Мақал-мәтел дегеніміз халықтың нақыл сөздері, белгілі бір ойды ықшамды түрде, ұтымды, өткір етіп айтып беретін кестелі сөз.

Мақал мәтелге қарағанда толық тұлғалы болады, ойы бітімді келеді, әдетте ол бір, немесе бірнеше толық сөйлемнен құралады.

Мәтел мақал сияқты толық сөйлем түрінде құрылмай, қалыптасқан сөз тіркесі, нәқышты, сөзі орамды сөйлемше түрінде жасалады. Мәтелде айтылатын ойдың ізі, туспалы ғана болады, ол ой мәтел сөз орайына келтіріліп, сөз қосылып айтылғанда ғана толысып, жетіліп тұрады.

Мысалы: "Ауырдың астымен, жеңілдің үстімен", "Берсе - қолынан, бермесе - жолынан", "Көңіл қалмас, көйлек шыртып" "Асын ішіп, текеметін тіліп" деген сияқты мәтелдер сөз арасында сөз қосылып айтылғанда мақалға тән тиянақты қортындыны білдіріп, құлшырып шыға келеді. Бұл мәтелдерде белгілі бір құбылыстарға берілген баға, қортынды, адамның кейбір іс-әрекетіне мінездеме бар. Мәтелдің "жұмған аузын ашпау", "ат тонын ала қашу", "қырғы қабақ болу", "төбесінен тік туру" сияқты қалыптасқан сөз тізбегі, жай идиомалардан айырмасы осында.

Мәтел мақалға өте жақын, жанасып, ауысып тұрады. Кейде тіпті мақал мен мәтелдің аік арасын айыру да қиынға соғады.

Мақал - мәтел көркемдік, сезгіштікпен, түйіндеуге шебер-

ліктен, келістіріп, мәнерлеп айтқыштықтан туады. Қиы-қишы өмір құбылыстарына бойлап, оның сыр-сипатын көңілге бірден уялайтын көркем бейне, теңеу тауып ықшамды, тұжырымды етіп суреттеу- мақал-мәтелдің ең бір басты қасиеті.

Мақалда халықтың ғасырлар бойындағы еңбек, өмір тәжірибесі не бәрі бірнеше ауыз сөзбен тұжырылып беріледі. Мақалдың басы аяғы жинақы келеді, онда артық сөз, шубаландық болмайды. Мақал өмір шындығын әрі дәл, әрі көркем, тұжырымды етіп бейнелейді. Сондықтан да мақал тілді көріктендіріп, сөзге логикалық күш береді, ой жүйесінің қисынын арттырып, ширата түседі, айтушыны көңілдегі жерден тап бастырады.

X X X

Марксизм-ленинизм классиктері мақалды өте жоғары бағалаған. Оны халықтың өмірі, өткендегі тарихы туралы құнды материал ретінде қолданып отырған. К.Маркс, Ф.Энгельс орыс халқының мақалдарын жазып алып, оларды өз еңбектерінде пайдаланған, мақалдардан бұқара халықтың ой-санасы, арман-тілегі көрінетінін атап айтқан. К.Маркс орыстың "Вози навоз не ленись, хоть богу не молись", "Конь везет не кнутом, а овцом", "Молоко у коровы на языке" деген сияқты мақалдарын келтіріп, оларға жақсы баға береді.

В.И.Ленин өткір мақал-мәтелдерді қатты қастерлеген, бағалаған. В.И.Лениннің еңбектерінде мақал-мәтелдер тарихи дерек ретінде де, ойды тұжырымдап, сөзді ұтымды, әсерлі ету үшін де жиі қолданады. В.И.Ленин халықтың мақал-мәтелдеріне зер салып, үңіле тексерген. Орыс халқының белгілі ғалымы В.И.Дальдің мақал-мәтелдерді жинап бастырудағы еңбегінің құндылығын айтып, өзі мағнасы терең, ұтымды мақалдарды үнемі пайдаланып отырған. В.И.Лениннің мақал-мәтелдерге үлкен мән бергендігі нақыл сөздер

турала айтқан мына сөздерінен айқын көрінеді:

"Бывает такие крылатые слова, которые с удивительной меткостью выражают сущность довольно сложных явлений"<sup>1</sup>

к х к

Мақалдың халық өмірімен, еңбекпен байланыстығы турала А.М.Горький: "Искусство слова родилось в глубокой древности из процесса труда людей. Причиной возникновения этого искусства служило стремление людей к организации трудового опыта в словесных формах, которые наиболее легко и прочно закреплялись в памяти в формах двухстиший "пословиц", "поговорок" — трудовых лозунгов древности" — дейді. Горькийдің бұл сөзінен мақалдың кене жанр екені көрінеді. Қазақ мақалдарының кене, ертеден келе жатқан жанр екендігін түрік тілдес елдердің ескіден қалған жазба ескерткіштерінен де ақруге болады. Мысалы, Махмуд Кашғаридың "Диуани лугати түрік"/1072/ деген еңбегінде "Кодекс руманикусте" қазіргі қазақ мақалдарына ұқсас мақалдар кездеседі.

Бірақ көпке демін жазу сөзу болмағандықтан, қазақ мақалдары кезінде жазылып алынбай, тек ауыздан ауызға тарап, кейінгі ұрпаққа ауыша жетіп отырған. Әр заманның өз салты, өз ұғымы бар, сондықтан ол өзінен бұрынғы мақалдың тек сол заманға лайықтысын ғана қабылдауы мүмкін. Сондықтан өткен дәуірдегі мақалдардың кейбірі ұмыт та болады.

Қазақ халқының мақалдарын жинау, зерттеу жұмысы тек ХІХ ғасырда басталды. Қазақ мақалдарына алғаш назар аударып жинаған орыс ғалымдары болды.

Қазақстан Ресейге қосылғаннан кейін орыс ғалымдары қазақтың жер байлығын, географиясын өте зер сала зерттей бастағаны мәлім. Қазақтың шет өлмөтөрі мен аудандарына ғылыми экспедициялар шығарылып, қазақтың жер, суымен қатар мәдениеті де зерттел-

ді. Сол сияқты қазақтың бай ауыз әдебиеті, соның ішінде мақал-мәтелдері де XIX ғасырдың 70-жылдарынан бастап жиналып, баспа жүзіне шыға бастады. Қазақ мақалдарын жинап, баспа бетіне алғаш жариялағандар орыс ғалымдарынан: В.В.Радлов, М.Терентьев, Ф.Плотников, Н.И.Продеков, А.В.Васильев, Н.Н.Лантусов, В.Катаринский, т.б. болды. Ал қазақтың өз мәдениет қайраткерлерінен орыс ғалымдарымен иықтаса Ыбрай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов, Әубәкір диваевтар да ауыз әдебиет нұсқаларына соның ішінде нақыл сөздерге, мақал-мәтелдерге қатты зер салып, жинап, зерттеп, оған ғылыми баға берді.

Қазақ мақалдары алғашқы кезде ондап, жүздеп қана жиналып және оны жинауда ешбір жүйе бола қойған жоқ. Мақалдар бас кезде көбінесе облыстық ведомостілер бетінде жарияланып келді. Өткен ғасырда баспа бетіне шыққан мақалдарды тексеріп қарағанда, өзге облыстардан гөрі Ақмола, Семей, Торғай облыстарының мақалдары көбірек жарияланғаны байқалады.

1876-жылы Ақмола облыстық ведомостінде<sup>1/</sup> жүз елуге жуық қазақ мақалы басылды. /Бұл мақалдар шығысты зерттеушілердің халықаралық конгресіне арналып басылған/. Небәрі бір жүзден астам мақал төмендегі түрде: I.Қудайға, дінге көзқарас. II.Ұяғ, ар, адамшылық туралы, III.Үкімет, үкімет тарапындаған ел басшылары, заң туралы. IV.Дүние, қоғам туралы. V.Үй-іші, туысқандық туралы. VI.Және адамдар туралы. VII.Табиғат, әлемге көзқарас, делініп жеті тарауға бөлінген. Мақалдарды жоғарыда көрсетілген ретпен жүйелеуден және әр бөлімнің атынан-ақ жарияланған нұсқалардың идеялық жағы анық байқалады. Бұл жинақтағы мақалдардың еңбекші халық арасынан гөрі үстем тап өкілдері аузынан көбірек асылып алынғаны айқындалады. "Үкімет, үкімет тарапын-

<sup>1/</sup> "Административные ведомости, 1876, №4-18.

даған ел басшылары, заң туралы" деген тарауда халықты қанап, пара алып отырған ел басшыларын сынайтын мақалдар мүлде аз да, оның есесіне: "Құм жылып тас болмаса, құл жылып бас болмас" сияқты мақалдар көбірек. Жинақтың өзге тарауларындағы: "Қайғың болса, ханға бар; қарның ашса, байға бар", "Бай келсе, асқа отырады; зарлы келсе, іске отырады" – деген сияқты мақалдар да қоғамға, өмірге үстем таптың көзқарасын білдіреді. Бул жинақтың басқа тарауларында да осы алуандас мақалдар жиі кездеседі.

Будан кейін 1892 жылы "Ақмола ведомостілерінде" жүзде-есе қазақ мақалдары жарияланды. Бұнда көшпелі турмысты сынап, отырықшылықты құптайтын: "Қошқын көш қашқанға ұқсайды, қонғанда елге ұқсайды" дейтін секілді мақалдар мен оқу, білім, еңбекті мадақтап халықты өнер-білімге ұмтылуға шақыратын: "Оқыған қара суға қарсы жүзеді", "Еңбектенгендікі екеу болар" деген мақалдар, ұлық, билердің парақорлығын, аулымдығын әшкерелеп: "Тырнадан ұлық қойсаң, басыңнан қиқу кетпес", "Шалғынды жерде өгіз семіреді, даулы жерде би семіреді, өлімді жерде молда семіреді" сияқты халық мақалдары молырақ қамтылған.

Бул келтірілген мысалдардан орыс ғалымдарының халық турмысына назар аударып, шаруалардың қоғамға көзқарасына көп көңіл бөлгенін көруге болады.

Газет, журнал, әртүрлі ведомстілер бетінде басылған қазақ мақалдары ішінде көлемдісінің бірі – 1894 жылы "Астраханьский вестникте" А.Е.Алекторов жариялаған мақалдар. Алекторов қазақ арасынан терген мақалдарын жариялай отырып, оқушыға қазақ халқы, әсіресе еңбекші халық жанында ұғым беруге тырысады. Қазақ ханшұқралық туралы білгенін ортаға салып, халықтың қасиеттілігін, еңбек сүйгіш қасиеттерін сынап көрсетеді. Жинақтың басқа тарауларында да осы алуандас мақалдар жиі кездеседі.

сөзінде А.Е.Алекторов: "Присматриваясь к киргизу, любознательный наблюдатель не может не заметить, что в глазах его светится ум, что он находчив и практичен. На заводе киргиз-работник в короткое время может усвоить приема мастера, приобретает в два-три месяца удивительный навык и упорно трудится положенные ежедневно часы..." деп өзі жариялап отырған мақалдарын қазақ халқының тамаша қасиеттерін көрсетуге мысал етеді. А.Е. Алекторов мақалдарының қырамында шынайы халықтық сипаттағы мақалдар өте жиі ұшырайды және жинаушы сол келтірген мақалдарын түсінік беріп отырған.

Будан кейінгі жылдарда да қазақ мақалдары әлденеше рет газет, журнал, жеке еңбектерде үнемі жарияланып тұрды. Бірақ олардың саны ең көп дегенде 100-200 ден аспайтын.

Орыс ғалымдары жинаған мақалдардың жеке жинақ болып басылғандарының ең көлемдісі - В.Катаринский жинағы".<sup>1/</sup>

В.Катаринский жинағы баспа бетіне өзінен бұрын шыққан мақалдарды қамтиды, және ел аузынан терілген мақалдармен толықтырылған.

В.Катаринский жинағына мың жарымнан артық мақал енгізіліп, жинақтағы бар мақал төменде көрсетілгендей бірнеше бөлімге жіктелген. 1. Кудай, періште тағы басқа діни ұғымдар. 2. Ел басшылары. 3. Адам жайлы. 4. Әйелдер туралы. 5. Балалар. 6. Ата-ана, ата-баба, туысқандар. 7. Білім, ғылым, ақыл туралы. 8. Сөз, 9. Еңбек, 10. Мақсылық, замандық. 11. Шындық және өтірік. 12. Байлық және кедейлік. 13. Достық. 14. денсаулық және ауру туралы. 15. Түрлі халықтар туралы. 16. Ұрлық жайлы. 17. Қонақ және сауық. 18. Жануарлар мен құс жайлы. 19. Үй және мүлік жайлы. 20. Жолаушылық және түрлі жерлер туралы. 21. Жалпылама мақалдар.

Катаринский жинағы қазақ мақалдарын алған белгілі бір

<sup>1/</sup> В.Катаринский: "Сборник киргизских пословиц". Намысшық пайызға Тургайской области, Оренбург, 1899.

жүйемен берген және өте көлемді еңбек болды. Бұл жинаққа енген мақалдардың тақырыбы бай, халық өмірінің әртүрлі саласын қамтиды. Сондықтан да Катаринский жинаған халықтың өткендегі-сін танып білуде және осы зерттеуде ғылыми маңызы зор, өте құнды жинақ деуге болады.

XIX-ғасырдың аяқ кезінде мақал-мәтелдерді жинау, зерттеу жұмысына қазақтың өз ғалымдары да араласты. Басқа ауна әдебиет үлгілерімен бірге қазақ мақалдарын жарыққа шығарып, баспа жүзінде жариялауда Әубәкір Диваев көп ат салысты.

Әубәкір Диваев қазақ мақалдарын этнографиялық материалдар жинағында әлде неше рет бастырды.<sup>1/</sup>

Революциядан кейінгі жылдарда қазақ мақал-мәтелдерін жинап бастыру, зерттеу ісі алға қойылып, бұл бағытта елеулі табыстарға қол жетті. Мақал-мәтелдер бірнеше рет жеке жинақ болып басылды. Совет тұсындағы мақал жинақтарының ең көлемдісі-1935 жылы шыққан Ө.Турманжанов құрастырған жинақ. Ө.Турманжанов жинағына төрт мыңнан астам мақал енгізіліп және олар белгілі ғылыми жүйемен берілген. Жинақта мақал-мәтелдердің жанрлық ерекшелігі мен тақырыбына кең талдау жасаған недәуір алғы сөзі бар. Бұл жинақ өзіне дейінгі баспа жүзіне шыққан мақалдарды қамти отыра, ел ауынан терілген мақалдармен де толықтырылған. Жинақта төрт мыңға таяу қазақ мақалдары кірген. Бұл жинақта мақал-мәтелдерді сын көзімен саралап, екіге алуға жете көңіл бөлінбеген.

Алайда қазақ мақалдарын, нақыл сөздерін жинап бастыруда бұл жинақ маңызы үлкен, құнды еңбек болды.

1/ "Этнографические материалы, У пословицы. Сб. материалов для статистики Сыр-дарьинской области". 1925, вып. IY, "Этнографические материалы легенды, былины, демонологические рассказы, приметы, пословицы и сказки, вып. 6.



Мунан кейін де қазақ мақалдары бірнеше жеке жинақ болып басылды. Солардың ішінен 1951 жылы /құрастырушы Б.Ақмуқанова/ және 1957 жылы /құрастырушы Ө.Турманжанов/ басылғандарын атауға болады. Сонымен бірге газет, журнал беттерінде де көптеген мақал-мәтелдер басылды. Әрине, ел аузындағы мақал-мәтел әлі де түгел жиналып біткен жоқ. Алдағы уақытта оларды жазып алу, бастыру ісі үдей бермек. Ал бүгінге дейін жазылып алынған, баспа жүзінде шыққан мақал-мәтелдің үлгілері қазақ ауыз әдебиетінің бұл саласының ұшан-теңіз бай, сарқылмас қазына екенін айқын көрсетеді.

### X X X

Мақал-өмірден, тәжірибеден туған, қоғамдағы сан қилы құбылыстарға берілген баға, қортынды, түйін. Мақалда сөз болып, айтылған жағдай, уақиғаға баға беріліп, шешім айтылуы оның идеялық күшін зорайтады.

Мақалдың маңызы, өмір танытқыш күші – онда жиі кездесетін, типтік жағдайлар суреттеледі. Алуан түрлі уақиға, құбылыс топтастырылып, солардың бәріне тән қасиет, ерекшелік түйінделіп қорытылады. Мысалы, "Аш құлақтан тыныш құлақ", "Бас болмақ оңай, бастамақ қиын", "Кісідегінің кілті аспанда" деген сияқты мақалдарда осындай топшылау, қортынды жасау бар болғандықтан, бұлар әрқилы жағдайда, әр кезеңде орайын тауып қолданыла береді. Бұл жағынан алғанда мақал халық даналығының туындысы, оның бай өмір тәжірибесінің жинағы.

Мақалдың түпкі, тура мағынасы, сонымен бірге көбінесе астарлы, ауыспалы мағынасы болады. Мақалада белгілі бір нақты құбылыс, нақты уақиға жеке, дара күйінде ғана суреттеліп қоймайды, түйіндеу, қортынды жасау дәрежесіне көтеріле бейнеленеді. Сондықтан мақал негізінде бір нақты жағдайға, уақиғаға

байланысты болғанымен, соған орай туғанымен, ол осы алуандас, соған ұқсас барлық жағдайда айтылады, яки мақалды тудырған нақты уақиғадан тыс талай құбылыстарды бейнелеуге де қолданылады.

Бұл – топшылау, көрегендік, нақтылы бір жайттан, уақиғадан осыған ұқсас өмір құбылыстарының сырғын ашып, дұрыс, терең қортынды жасай білудің нәтижесі. Осылай астарлы, ауыспа мағнада әр түрлі жағдайда, әр қилы кезеңде қолдану мақалдың идеялық шеңберін кеңейтіп, оның өмір танытқыштық қасиетін арттыра, үстей түседі. Мақалда көп жағдай мағнасы терең астарлы аз сөзбен түйіп айтуға мүмкіншілігін береді. Мінеки, мақалдың мағнасының кеңдігі оның үлгі-өнеге боларлық қасиеті, фибраттылық мәні осыдан шығады. Мысалы, "Соқыр тауыққа бәрі бағдай", "Шабан үйрек бұрын ұшар" деген сияқты мақалдарды сөз арасына қосқанда, айтушыға соқыр тауықтың талғампаз бола алмайтындығы, немесе шабан үйрек тің ерте қимылдайтыны керек емес, келтірілген мақалдар адамға, адамның мінезіне жанастырылып айтылады, және тыңдаушы да осындай мақалдарды астарлы, ауыспа мағнасында қабылдайды. Тегінде мал, хауанатқа және табиғат құбылыстарына байланысты мақалдардың көпшілігі осылай аллегориялық сипатта ие болған. Олар көбінесе түйкі мағнасы емес, жана тулғада, адам өміріне қабыса жалғастырылып айтылады.

Сонымен бірге мақал үнемі астарлы, басқа мағнаға ие бола бермейді, өзінің түйкі мағнасында да қолданылады. Мысалы: "Өнер алды – қызыл тіл", "Ақыл – тозбас тон, білім – таусылмас кен" деген сияқты мақалдар.

Будан мақалдың бірыңғай емес, бірнеше түрлі болып көлетінін көреміз. Жоғарыда келтірілген мысалдардан мақалдың бірде ұқсас, өмірде жиі кездесетін уақиға, жағдайды жалпылама түрде

қорытып, түйіп айтатындығы /"Аш, құлақтан тыныш құлақ" т.б./, бірде айтылатын ой жеке, дара уақиғаға байланысты беріліп, мақалдың ауыспа мағнада да қолданылатыны /"Соқыр тауыққа бәрі бидай" т.б./, ал үшінші түрлі мақалдар бір құбылысқа баға беру негізінде жасалып, өзінің сол тура мағнасында ғана айтылатыны /"Өнер алды -қызыл тіл" т.б./ аңғарылады.

Мақалдар жасау әдісіне қарай осындай түрлі-түрлі болғанымен, олардың бәріне тән қасиет бар, - ол өмір құбылыстарының мәнін, сыр-сипатын ашып, қортынды жасау, типтік дәрежеге көтере көркем бейнелеу.

Мақал-мәтелді шығарушы, оның не асылын тудырушы халық. Мақал еңбекші халықтың ұшан-теңіз мол өмір тәжірибесінен, рухани бай өмірінен, ұшқыр қиялынан, сергек ой-ақылынан туады.

Халық әр қашанда сөзді қисынды, ұтымды айтуға ұмтылады. Сөзге ұсталық, шеберлікті, тап бастырмайтын тапқырлық, жүйріктікті халық өнердің ең үлкені деп санайды. Қиыннан қиыстырылған әсерлі, орамды мақал-мәтелдерді де өте жоғары бағалайды. Мұны халықтың "Өнер -алды қызыл тіл", "Сөздің көркі -мақал; жүздің көркі -сақал" деген сөздерінен-ақ аңғаруға болады.

Мақалдың туу жолы да алуан түрлі.

Белгілі бір жағдайға байланысты шебер қиыстырылып айтылған, алғыр, ұтымды, келісті сөз ауыздан ауызға көшіп, ел арасына кең тарап, мақалға айналып кете береді. Ондай сөздер әуелде халық аузында пәлен айтқандай, түген айтқандай деп шешеннің атымен қосарлана жүреді де, кейін шығарушының аты ұмытылып, әлгі сөздер кептің сынынан өтіп, екшеліп, өңделіп, өткізілініп, халық мақалына айналып кетеді. Осындай ауыздан-ауызға тарап, мақал болып келген нәзік сөздерді шығарушы - халықтың ішінен шыққан, халық тілін, сөз байлығын кете медкерген жасайды.

дер, тілмәр өнерпаздар.

Халық шешендері туралы ел аузында аңыз әңгімелер өте көп сақталған. Мысалы, Жиренше шешен туралы аңыздардағы: "Ай-қай, өз үйім- кең сарайдай боз үйім", "Бір жол бар алыс, алыс та болса - жақын; Бір жол бар жақын, жақын да болса - алыс" деген сөздер ел ішінде мақал болып тарап кеткен. "Сөздау жердің ағашы, сабырсыз ердің сазасы", "Тоғай томарсыз болмайды, жұмыс Қодарсыз болмайды" деген мақалдар да аңыз әңгімелерден шыққан.

Кейбір мақалдардың арғы тегі ертегі, жыр, мысалдармен де байланысты. Шамадан аспай, қарапайым кішіпейілдікті керек еткенде, халық: "Аяз әліңді біл, құмырысқа жолыңды біл" дейді. Бул сөздің "Аяз би" ертегісінен шығып, содан мақал болып кеткені мәлім. "Түйе бойына сеніп жылдан құр қалыпты", "Бір әйелдің айласы қырық есекке жүк болған", "Долы қатыннан дәу пері қашыпты" деген мақалдардың бәрінің түбі ертегіде жатыр.

Бір кезде қазақ арасында кең жайылған дау-шар, талас-тартысты біреуге төрелету арқылы шешу ісі де тапқырлықты, шешендікті керек еткені мәлім. Билік, төреліктің тұтқасы үстем тап қолында болғанымен еңбекші халық үнемі би, төреге жүгіре бермей, өздері де жөн тауып, таластарын шеше берген. Міне, осындай жағдайда қарапайым халық өкілдері аузынан талай шебер, шешен сөздер көп тараған.

Осы күнгі қазақ мақалдарының құрамына еніп жүрген кейбір мақалдар қазақ әдебиеті классиктерінің шығармаларынан тарған. "Жинақтылық сөрендыққа жатпайды", "Ауырғаннан аяған күштірек" деген сияқты мақалдар Бобрей Алтынсариннің әңгімелерінен алынған. Абайдың нақыл сөздерімен кейбір өлеңдерінің

шумақтары да мақал болып кеткен. Мысалы: "Еңбек қылсаң ерінбей, тояды қарның тіленбей", "Жақсы болсаң, жарықты кім көрмейді?", "Егер ісім өнсің десең, ретін тап" деген мақалдар Абай сөздерінен алынған. Бұл сөздерді халық ауыз екі жиі айтады, ал айтушылардың бәрі мұның Абай өлеңдерінен екенін білбей бермейді.

Мақал-мәтелдер үнемі туып, өңделіп, ұстартылып отырады. Ұрпақтан ұрпаққа ауысып, халық жанында жылдар, ғасырлар бойы сақталып, шын өмір тезінен өтіп, сұрыпталып, сараланып, бірден бірге шындала береді. Өңделіп, жылдан-жыл өткен сайын өткірлене түседі. Үнемі туып, толысып, молайып, отырады. Совет дәуірінде халық мақалдарының не асылдары жаңа заман тілегіне сай кеңінен қолданылып отыр. Көптеген мақалдар қоғамдық өмірдегі, адам санасындағы зор өзгерістерге орай, жаңа жағдайда жаңғырып, мағынасы тереңдеп, жаңа мазмұнға ие болды. Сонымен бірге совет адамдарының зор адамгершілік сипатын, социалистік дәуірдегі жаңа ой-сананы бейнелейтін, тыңнан туған, соны мақалдар кең тарады. Бұған мысал ретінде мына төмендегі мақалдарды атауға болады: "Ердің атын еңбек шығарады"; "Өкә достығынан Отан достығы күшті"; "Тәртіпті адам туғызады, ерді заман туғызады"; "Еңбек елді көгертеді, су жерді көгертеді"; "Біріккен келер білекті, ел сүйген келер жүректі".

Мақал-мәтелдер қамтымайтын қоғам өмірі, шаруашылық, халықтың рухани турмысының саласы кемде кем-ақ. Еңбек, шаруашылық, адамның күнделікті турмысы, мінез-құлқы, салт-санасы, еңбекші халықтың қоғамға көзқарасы, қанаушылыққа, зорлық-зомбылыққа наразылығы— бәрі де мақалдарда мол бейнеленеді. Мақалдап еңбекші бұқараның арман-мұдделері, ізгі тілектерін көреміз. Халық сөз әрнегін бағытта, ұстартып отырып, оның өзі тоңғандық

үлгі-нұсқаларын еңбек сүйгіштік, адалдық, әділдік, талаптылық сияқты адамгершілік сипаттарды мадақтап уағыздауға арнаған. Мақал-мәтелдер әлеуметтік өмірдің қым-қиғаш қайшылықтарын айқын елестетіп өткір сын, мысал, азуаға да толы. Оларда халықтың болашаққа деген зор сенімі, үміті, не бір асқақ қиылы да көркем сипатталған.

Қазақ мақалдарының көпшілігі еңбек, шаруашылықпен байланысты.

Еңбек жайындағы мақалдар еңбекші бұқараның жүздеген жылдар бойындағы еңбек тәжірибесін қорытып, алуан-алуан кәсіп түрлеріне халық көзқарасын білдіреді. Халық мақалы: "Еңбек етсең, емерсің", "Істесең - тістерсің", "Қолы қимылдағанның аузы қимылдар", "Еңбек түбі - мереке, көптің түбі - береке, "Еңбегіне қарай еңбегі", "Бейнетің қатты болса, татқаның тәтті болар" деп тұрмыс негізі еңбек екенін көрсетеді. Енді бір топ мақалдар "Еңбексіз ит жер, бейнетсіз бит жер", "Жалқау жатып бұйырады", "Еріншекке омақтың екі бұты айшылық жер" деп, жатып ішер жалқау, керенауларды сынайды. "Еңбегі ештің күні көш" деп жұмыс істемейтін керенау, жалқаудың өмірінің мағнасыздығын аңғартады.

Қатты қанауда болып, тұрмыстың азабын көрген еңбекші бұқараның санасында ескі заманда еңбек көп жағдайда ауыртпалық, бейнет сияқты ұғымдармен жақындасты, сонан барып "Бейнет, бейнет түбі зейнет", "Бейнетің қатты болса, татқаның тәтті болар" деген сияқты мақалдар пайда болды. "Жалды болсаң жаныңды қина", "Бардың ісі перменмен, жоқтың ісі дәрменмен" секілді мақалдар да -өткендегі бейнеті көп, азапты өмірдің елесі.

Еңбек туралы мақалдардың ішінде мәңгілік, есіміздік-

ті уағындайтын, ескі сананы бейнелейтін "Кіміз кімдікі болса, білек соныкі", "Ер егіз, еңбекте жалғыз", "Өзімдікі дегенде өгіз қара күшім бар, кісінікі дегенде, анау-мынау ісім бар" сияқтылары да ұшырасады. Бірақ халық еңбек жеке адамның өз қажетіне жетуінің, тәрмесын түзетуінің тетігі деп қана ұқпайды. Еңбек ету зор адамшылық қасиет, еңбек-қорғам өмірінің тірегі деп біледі. "Тек жүргенше, тегін істе" деген мақал қалайда еңбексіз, әрекетсіз бос жүру дұрыс емес деген ойдан түйеді. "Тере берсе, тезек те қызық", "Орайы келсе, орақ ор; кезі келсе, кетпен шап" деген мақалдар халық жұмыстың заманы жоқ, еңбек етудің өзі қызық, қуаныш деп санағандығын байқатады.

Еңбек тақырыбына арналған мақалдарда аянбай адал еңбек етуге, елге, халыққа қызмет етуге шақыру идеясы үлкен орын алады.

Көп заман кәсібінің ең басты түрі мал шаруашылығы болған қазақ халқында, әсіресе төрт түлікке байланысты мақалдар жиі кездеседі.

Мал туралы мақалдарда қай түліктің шаруаға жайлы, жайсындығы, әр қайсысының жеке қасиеттері айтылады. Қазақ мақал мәтелдерін түліктің ішінде ардақтысы жылқы малы дейді "Жылқы-малдың патшасы", "Қас сұлуда мін болмас, қас жүйрікте сая болмас", "Таяқ тайға жеткізер, тай құланға жеткізер, құлан атқа жеткізер, ат мұрашқа жеткізер", "Ас ұстаған азабынан құтылады", "Жонға салсаң -жүйрік, жолға салсаң - жорға". "Ат қадірін білмесең, жандылық берсін саяңды; ас қадірін білмесең, ашаршылық берсін саяңды" деп, әрі сауын, әрі келік және өлме сауық, том, жинақтардың салтанаты жылқы малы ардақталды. Қазақ халқының жылқы малын артық көретіні сонша, жүйрік арғымен, түлпар тұрған мақалдар көтеріні заманында адам баласының ақын

қасиеттерді ғана бейнелейді. Мұндайда мақалдың бір, не екі жолы жақсы ат туралы болса, ал енді оған жалғас жол адамдық қасиетке арналады. Мысалы:

"Ат ерінді келер,  
 Ер мұрынды келер  
 "Ат сүрінбей жер танымас,  
 Ер сүрінбей ел танымас"  
 "Момарт жоқтығын білдірмес,  
 Тулпар тоқтығын білдірмес  
 "Ат қадірін жоқ білмес,  
 Ас қадірін тоқ білмес".

Мақалдарда тұлғаның басқа түрлерінің де сан қилы қасиеті, оның шаруада, тұрмыста пайдалы жақтары, әр тұлғаның жеке қасиеттері көрсетіледі. Мақалдар сиыр, қой, ешкі сияқты сауын малдарының бірде шаруаға жайлылығын айтса, енді біреулері олардың кемшілік жақтарын да көрсетеді. "Малды бақсаң қойды бақ, май кетпейді шарадан, ит асырасаң сырттаннан, қой бермейді қорадан" "Тоғыз қабат торқадан тоқтышағым терісі артық", "Қойдың сүті - қорғасын, қойды соққан оңбасын", "Қой мыңға жетсе, керегенің басынан бас кетпес" деген мақалдар қойдың соғымға тиімділігін, сүтінің асылдығын баса көрсетеді.

Сонымен бірге "Қол терісі қауға болмайды", "Есі кеткен ешкі жылр, ешкіменен есін жылр", "Ешкі егіз тауып, қойдан аспас" деген мақалдар да ұшырайды.

Мақалдарда: "Ауас қой мұндеуге жақсы", "Семіздікті қол кетереді", "Нар жолында жыл қалмас", "Түйе баласы - төре баласы", "Қоныс ақысын түйе қайтарады" деп, қойдың жауастығы, түйенің күші мен табандылығы бейнеленеді. Сонымен мақалдарда тәрт түйенің маңызы әр қайсысы бас-басына өздерінің жеке баласын



мақалдарда әр кәсіп түрінің өз ерекшелігі, артықтығы мен олқылық жақтары көрсетіледі.

Андылық жайлы мақалдардан аң аулау, құс атуды халық кәсіп те, сонымен бірге серуендеу, кеңіл көтеріп, қызықтау деп те қарағандығы көрінеді /"Көкпар тартқандікі, қоян қаққандікі", "Ажалды киік адырға қашады", "Құстың алғанынан, салғаны қырық", "Атқанның құсын жаққан байланар/.

Қазақ даласында сауда-саттық дамуына, қанат жаюына байланысты ақша, базар, сәудегершілікке арналған мақалдар молай түсті. Олар қазақ халқының экономикалық өмірінде сауданың мәні, ақшаның орны қандай болғанын айқындайды. "Базарға бар да, бағыңды сына", "Балама үй – базар, баласыз үй қу мазар" "Ат жақсысы арбада болар, жігіт жақсысы саудада болар", "Тал-тандасан талтанда, ақшаң болса қалтанда" деген сияқты мақалдар қазақ қоғамының өмірінде сауданың ролі күшейе бастағанына дәлел бола алады.

Еңбекші бұқара аяусыз қамалып отырған жағдайда сауда-саттықтың өрістеуі, әрине, халыққа жеңілдік әкелген жоқ, ол билеп-төстеуші топтың, бай феодалдардың одан әрі баюына мүмкіншілік туғызды, сүйтіп, экономикалық теңсіздікті күшейте, арттыра түсті. Базар, ақша туралы мақалдардың бір тобы осы жағдай айқын елестетеді /"Базар ақшалыға базар, ақшасызға нәзар", "Базар бай, алушы кедерей", "Саудада достық жоқ", "Сәудегерде иман жоқ, арын сатады, өтірікшіде иман жоқ, жанын сатады". Осындай мақалдардың көпшілігі Қазақстан Россияға қосылғаннан кейінгі дәуірдегі экономикалық жағдайды, қазақ даласына коммунизмге өтсе елдерінің кіре бастағанына байланысты.

Қолдары және ағартушы теориялар аясында да мақалда мол-ақ. Олардың "Алғашқы кәсіпке кіретіндер, ұстау/ақ оны; оған кәсіпке

узын кес, қысқартуың оңай", "Зер қадірін зерге білер", "Уста пышаққа жарымас, етікші бізге жарымас" секілді мақалдарды атауға болады. Осы алуандас мақалдарда халық, бұл кәсіп түрінің қоғам өмірінде үлкен мәні болғанын көрсетіп, уста, темірші, балташы, зергер, етікші сияқты әрқилы өнер иелерін айта қалғандай мадақтап, олардың елге, көпке қымет ететінін баса айтады: "Өнерлінің өрісі ұзақ", "Шебердің қолы ортақ, шешеннің сөзі ортақ"; "Өнерлінің қолы алтын, өлеңшінің сөзі алтын", "Усталы ел түзетет, қасапты ел бөлінет" деген мақалдары оқу-білім жағы кеміс, өндіріс-техника өсіп-дамымаған қазан елінде жай усталықтың өзі өте жоғары бағаланып, зор өнер деп танылғаны аңғарылады.

Осы өнерпаздықтың таңдаулысының бірі өрісі кең, өресі биік өнер-шешендік, ақындық деп біледі халық. Мұны жоғарыда келтірілген мақалдардан, олардағы "Өлеңшінің сөзі алтын", "Шешеннің тілі ортақ" деген сөздерден де, "Өлең алды-қызыл тіл", "Сөз тапқанға қолқа жоқ", "Өлең-алтын, сөз-күміс" секілді сөз өнерінің, өлең-жырдың мәнін, маңызын айқындайтын мақалдардан да байқауға болады.

Қазақ мақалдарының бір жол тобы әдет-ғұрып, салт-сана, мінез-құлық тақырыбындағы мақалдар. Мақал-мәтелдерде қазақтың құда түсу, қыз беріп, қыз алысу, айт пен той, ас беру сияқты көптеген әдет-ғұрыптары, салты кең суреттеледі. Бұл тақырыптарға арналған мақалдардан халықтың әр дәуірдегі ғұрып, салтын, қоғамға, дінге көзқарасын, халықтың ой-санасының өсу жолын көруге болады.

Халық мақалы қоғамның дамуына, дәуірге байланысты әдет-ғұрыптың да өзгеріп отыратынын аңғарып: "Ғауына қарай әдет, заманына қарай заңы", "Шу жылда ел зәңге, қырық жылда қосан заңы",

"Заманына қарай амалы", "Заманы бірдің амалы бір" дейді.

Әр қоғамның, әр дәуірдің өз ғұрып, өз салты болады. Мақалдарда сол түрлі дәуірдің ғұрып-салтының белгілі қоғамда өмір сүрген топтардың, жеке адамдар қарым-қатынасының ізі қалып отырған.

Қазақтың бұрынғы әменгерлік салты "Аға өлсе, жеңге мұра" деген мақалды, ел дауы, барымталасқан талас кезінде қыз алып қашып, не қыз беріп, сүйек шатыстырып, туыстасып барып тоқтамға келу әдеті "Суды құм бөгейді, дауды қыз бөгейді", "Екі ел егер болса, епті жігіт қатын алар" деген мақалдарды туғызған.

Халық әдет-ғұрып біткеннің бәрін талғаусыз құптай берген деуге болмайды. Оның ішінде жақсы, жаманын, орынды, орынсызын байқау, айыру керек деп қараған. "Әдет әдет емес, жөн әдет" деген мақал халықтың осындай сыншыл көзқарасын, озық ойын білдіреді.

Бірде мақал белгілі бір ғұрыпты құптаса, екінші бір мақал өлгі ғұрыпқа басқа тұрғыдан қарап сын айтады. Бір мақал: "Жиен ел болмас, желке ас болмас" деп, жиен - нағашылыққа байланысты салтқа бір көзқарас білдірсе, екінші бір мақал: "желке неге ас болмас, майы болса, жиен неге ел болмас, малы болса", - дейді.

Рулық қоғам тұсындағы мақалдар: "У жесең руыңменен", "Үйде көпті түзде жау алмайды", "Жаңыныңды жаттай сайла, зәт жанынан түңілсін", "Ағайынның азары болса да, бөзері болмайды", "Ғалпардың өз тұяғы өзіне дәрі", "Бас жарылса, берік ішінде, қол сынса, жең ішінде", "Тай тулап үйірінен шықпас" деп әр рудың өз ішіндегі бірлік, ынтымақтың берік болуын көрсетеді. Ру басшылары өзі билеп, басқарып отырған жеке рудың

бірлігін сырттай қорғағандай болып отырып, сол ру бірлігін бетке ұстап ру ішіндегі теңсіздікті, қанауды бүркемелеуге тырысады. "Туысы бірге тұтпейді, түбі бірге кетпейді", "Атасы басқамен аң аулама, атар да – жанына байлар", "Ағайынның ұрыс торқаның жыртысы" деген мақалдар да – сол рулық қоғам туғызға мақалдар. Ал, рушылдық қоғам ыдыраған кезде: "Ағайынның барда дұшпаным деме, абысыным барда күндесім жоқ деме", "Ағайын ағарып алдымда болмасын, қарайып артымда қалмасын" деген сияқты мақалдар туып патриархалды қоғам ішінде бақастық, күншілдіктің күшейе түскенін аңғартады. Хандық дәуір тұсындағы мақалдарда үстем тап ханды мадақтап "Ханда қырық кісінің ақалы бар", "Қайғың болса, ханға бар, қарның ашса, биге бар", "Халық қаласа, хан түйесін сояды" деп оны данышпан, ел қамқоры етіп танытпақ болса, ханнан зорлық, зомбылық көрген халық: "Хан сытынан аударық", "Қайғысыз хан семіреді", "Ханның басын хан алар" деп ханға деген өз ыза-кегін білдіреді. Ханның алымшыл, паражорлығын шенеп: "Барма ханға, өзі келер малға; барма биге өзі келер үйге", "Бай қасына барып бақыр болмасаң – маған кел хан басына барып, басынды алмаса маған кел" – дейді халық мақалында.

Құдай әулие, әмбие сияқты діни ұғымдарды, дінді, ол дүниедегі өмірді ғана уағыздап халық санасын улап келген қома, молдалар, бақсы туралы мақалдар еңбекші халықтың қараңғылығын пайдаланып жақсылықты, рахатты ақыретте көрерсің деп халықты алдап: "Құдай деген құр қалмас", "Зекетсіз малдан қойыр жоқ", "Шын байлық – иман байлық", "Адамнан сұрағанның екі көзі шығар құдайдан сұрағанның екі бүйірі шығар", "Беталы құлға бақ қонақ", "Кім бай болмайын демедейді, құдайы қаламайды", кім бақыр болмайын демедейді, сүрегі доуаламайды", деп бұқараның қанын сүзілмей се-

рып, кедейдің кедейлігі құдай ісі деп келді.

Қожа, молда, бақсы-балгерлер халықты жоққа сендіріп, мың қанша улауға тырысса да, халық олардың аузында дін, құдай болғанмен, өз құлқындарының зор екенін, олардың зұлымдығын, пасықтығын айтып, әшкерелеп отырады. Қазақ мақалдарының ішінде молда, қожа, намаз жыйындағылары өте өткір, сықақты келеді. Халық дінді уағыздаушылардың сөзінің жалғандығын шенеп: "Молданың істегенін істеме, айтқанын істе", - "Молданың тілі сынық, төренің тізесі сынық" дейді. Қожа молданың дүние қоныз, тілемсек екенін көріп: "Молда көзінен қалар, жүйрік аяғынан қалар", "Өленді жерде өгіз семіреді, өлімді жерде молда семіреді" дейді. "Смынғаныңнан сүйенгенің күшті болсын" деп халық құдайдың құдіретінің өзіне де шүбәленеді. Өткендегі қазақ мақалдарын қарап отырсақ, мақал-мәтелдерде осы қожа, молда, сопы туралы мақалдарда олардың жағымды жақтарын айту аз болады да, кекету, мысқыл басым келеді. Мысалы: "Бір молда жарты кісі, екі молда бір кісі", "Шала молда шарық айтар", "Молда көзінен қалар, жүйрік аяғынан қалар", "Сопы сумнан шығады", "Қожа құлақтас, молда сабақтас", "Ақ сәлделі қожадан, ақ жаулықты қатын артық", "Тентек молда - телмірген өгіз" т.б.

Мақалда таптық қоғамдағы теңсіздік, бай, болыс, би, төрелердің ел толаушылығы әр қашанда аяусыз әшкереленіп отырады. "Би екеу болса, дау төртеу болады", "Барма ханға, өзі келер малға, барма биге, өзі келер үйге", "Биің қылаң болса, елің қылаң болар" деген мақалдардан елдегі дау-шар таласты шешуде билердің, көбіне, өз құлқыны, өз пайдасына қарай төрелік айтып, мүмкін болса талас-тартысты ердері әдейі күшейте түсіп, сөз арқасы бапшыны көрінеді. Халық мақалы би-төренің паразит-

лығы шенеп: "Төбе басы тайғақ, төре аяғы маймақ", "Қансоқта жеп ит семіреді, пара жеп би семіреді" дейді. Елдің қанын сүліктей сорып, сол арқылы байыған пасық байдың мейрімсіздігінен "Бай мейірімінен күн мейірімі" деген мақал туады. "Қойды құртан бүлдіреді, елді сұлтан бүлдіреді", "Төреге ерген ер-тоқымын арқалар" деген сияқты мақалдардан халықтың үстем тапқа наразылығы айқын көрінеді. Сөйтіп, мақал-мәтел тап қайшылығы, әлеуметтік теңсіздік бар таптық қоғамда күрес құралы болды.

Бұқара халық, шаруалар мақалынан еңбекші елдің муң-муқтазын, олардың көкейтесті арманын көреміз. Бар адамдық қасиет мал, байлықта леп ұққан бай-феодалдарға қарсы халық оған өз тусының інігін білдіріп: "Байлық мұрат емес, жоқтық ұят емес" дейді. "Жарлы болсаң да, арлы бол", "Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді" деген мақалдар еңбекші халықтың тұрмыс, бейнеттің қанша азабын тартса да, зор адамдық қасиетті байлық, дәулеттен жоғары қойғанын танытады.

Еңбекші халық бостандық, бақытты өмірді үнемі алдан болашақтан күтеді. "Үміт өлмейді", "Таң атпайын десе де, күн қоймайды", "Құл құтылар құрықтан, күң құтылар сырықтан" деп аулымдық, пасықтыққа қарсы тұрып, алдағы жарқын өмірге қолын созып, болашақтан үмітін үзбей, сол болашақ үшін күресіп келді.

Патриархалды-феодалдық қоғамда ескі салттың ең ауыр азабын шеккен қазақ әйелдері болатын. Ислам діні, феодалдық салт, ескі қоғам қазақ әйелдерін күн орнына ұстап келді. "Алтын басты әмедден бақыр басты еркек артық" деп әйел адам санына ілінбеді. "Қызды шалға бермейді, малға береді", "Қыз -қырық жылқы" деген сияқты мақалдар еріксіз малға сатылған қазақ

әйелінің аянышты халінің елесі еді. Бірақ, қазақ әйелінің зор адамшылығы, аналық мейірімі, оның адамдық, аналық қасиеттері талай тамаша мақалдар туғызады. Халық мақалы әйелдің феодалдық қоғамда азаттық праогоға қолы жетпей отырғанына қарамастан оның ақыл, ой парасаты ерлермен бірдей, кейде асып та жататынын көрсетіп, "Жақсы әйел жаман еркекті ер етеді, жаман еркек жақсы әйелді жар етеді" дейді. Бала тәрбиесі, тұрмыс, шаруада әйелдің ерлерден кем еңбек сіңірмейтінін білдіріп, халық, "Алып анадан туады, арғымақ биеден туады" деп мақал еткен.

Халық өзінің мақалында әйелдің қоғамдағы, үй тұрмысындағы орны баланы, жас ұрпақты тәрбиелеуге әсер ететінін ескеріп, "Әйелді күң қылып ұстасаң, ұлың құл болып туды" деп әйелге азаттық, ерік беру қажеттілігін айтады. Қазақ әйелінің бас бостандығын көксеу сарыны, халықтың әйелді азат етуге ұмтылғаны "Теңін тапсаң, тегін бер" деген сияқты мақалдарынан да байқалады.

Көптеген мақалдардың негізгі арқауы халықтың, бұқараның қоғам өміріндегі іргелі, ұлы күш екенін сыпаттау болып келеді. "Көппен көрген ұлы той", "Көп түкірсе-көл", "Халық айтса, қалт айтпайды", "Құдайға жазсаң да, көпке жазба" деген секілді мақалдар көпшілік, халық-қоғам өмірінің тірегі, ұйтқысы деген тұжырымды байқатады. ырыс пен береке көпте, дәулетке, бақытты өмірге көппен бірге, елмен бірге ғана жетуге болады деп түйетін мақалдар жиі ұшырасады. "Көп ісінде береке", "Көптен бақыт құтылмас", "Ел-ырыстың кілті, ер ырыстың қорғаны". Халық әркімнің істеген ісі баянды болуы, ерге басуы, я еңбеуі, нәтижесіз болуы оның көппен бірлесіп, күш қоса білуінен дейді /"Жалғыздық үні шықпас, жалудың шабы шықпас",

"Көпті замандаған көмүсіз қалады".

Мақалда жеке адамның еңбегі, өнері де айрықша бағаланып, қастерленеді. "Ер жігіт ел үшін туады, ел үшін өледі", "Ер жігіт бір күнде бір кісілік, бір күнде мың кісілік", "Батыр туса, ел ырысы, жаңбыр жауса, жер ырысы", "Мың қосшыға бір басшы" секілді мақалдар халықтың ел үшін, көп үшін қызмет еткен адамды ардақты, аяулы санайтынына айғақ болғандай.

Мақалдан туған ел, Отанға деген асқан сүйіспеншілік көрінеді. Халық "Өз елің - алтын бесік", "Өз елім- өлең төсегім" деп отанды өте қадірлеп, оған деген шексіз махаббатын білдіреді. Кімнің де болсын адамдығы туған ел мен отан игілігіне арналуы керектігін меңзеп, мақал: "Өз елімнің басы болмасам да, сайының тасы болайын" дейді.

Отан сую, оған деген махаббат мақалдарда ел үшін, халық үшін қызмет ету, елдің бақыты үшін күресумен байланысты айтылады. "Ел ауырын ер көтереді" деп, елін, халқын сую- оның қамын ойлап, халық басына қамын қыстау күн туса, оны жеңілдету ердің ісі, оның азаматтық парызы деген ой мақалда жиі уағыздалады.

Қазақ мақалдарында ерлік, батырлық, азаматтық ел, халық игілігі үшін еңбек ету ұғымымен жанаса айтылып отырады. Ел, ер туралы сөйлегенде халық бұл екі ұғымды бір-біріне тығыз қабыстыра айтады. Мақалдарда ердің ерлігі еліне, елдің елдігі ерлеріне байланысты келеді. Мысалы: "Ер сүйінбей ел танымас, ат сүрінбей жер танымас", "Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар" т.б. Халық ел, отанына еңбегін сіңіріп, өмірін соның игілігіне арнап, ел сыншына тола білген адам ғана ер бола алады деп, азаматтыққа ел сыншы: "Елдің сыншысы елі" дейді. Халық мақалы еліне, отанына өзгешелік жасағандарды



даптап: "Елінен бөзген ер оңбас, кәлінен бөзген қаз оңбас" дейді.

Мақалда кең орын алған тағы бір сарын – елді өнер-білімге шақыру, оқудың, ғылымның пайдасын насихаттау. "Өнерліге өлім жоқ, жалқауға жарық жоқ", "Өнерлі өрге жүзеді", "Білегі күшті бірді жығады, білімі күшті мыңды жығады", "Ақыл – тозбас тон, білім – таусылмас кен" деген сияқты мақалдар қатты қанаудың қыспағында жүрген халық еңсесін басқан қараңғылық, мешеуліктен қутылуды арман етіп, өнерге, білім-ғылымға жетуге барыша ұтылғанын айқын көрсетеді.

Мақалда адамның жақсы қасиеттерін қастерлеу, арлы болуға, адалдық, кішіпейілділікке, табандылыққа шақыру сарыны үлкен орын алады. "Мал сақтамақ, ар сақта", "Өтірікші алдымен өзін алдар", "Өзін өзі мақтаған өліммен тең", "Өлімнен ұят күшті", "Сабыр түбі – сары алтын" деп халық адамгершілікті, құлықтылықты өнегелілікті уағыздайды, қадыр тұтады. Мақалдарда жас ұрпаққа жақсы тәрбие беру қажеттілігі айтылады. "Құс уада не көрсе, ұшқанда соны іледі", "Әдепті бала – арлы бала, әдепсіз бала – сорлы бала" деп, мақал жастарды ізеттілікке, кішіпейілділікке баулиды.

Тәлім-тәрбиеге халық үлкен мән берген. "Адам туа жамаан емес, жүре жамаан" деп адамның адамшылығы туысына емес, алдымен өскен ортасына, тәрбиесіне байланысты болатынын айтқан.

Мақал-мәтелді өткендегі халық әмірінің айласы деуге болады. Оның күнделікті тіршілігімен, бүкіл басынан кешірген тарих уақиғалар да мақалдан өз орнын тапқан. Кейбір мақалдар тарихи уақиғалармен тарихта болған жеке адам аттарымен байланысты туған. Абайдың "Біраз сөз қазоқтың түбі қайдан шыққаны туралы" деген мақаласында тарихи уақиғалармен байланысты

біраз мақалдар келтіріледі. Мысалы: "Самарқанның сар жолы, Буланайдың тар жолы", "Буланайдан үлкен тау болмас, буланнан үлкен аң болмас", "Жылаң жылы жылыс болды, жылқы жылы ұрыс болды" деген мақалдарды Абай Шыңғыс хан жауынгершілігімен байланысты туған мақалдар дейді.

Табиғат құбылыстары, ауа райы, жыл мезгілі жайындағы мақал-мәтелдерден халықтың зиректігі, байқампаздығының айғағы бола алады. Еңбекші халық табиғаттың жұмбақ сырларын өзінше ұғып, өзінше түйіндеу жасап отырған. Табиғат, ауа райы туралы мақалдардағы халық болжамы турмыс, шаруа ыңғайына қарай, байланысты айтылады: "Сөуір болмай, тәуір болмас", "Құт-кәрі құтанды құрт", "Құт, құтты болып келсе - құт, құт-құтсыз болып келсе жұт", "Үркерлі айдың бәрі -қыс" т.б.

Бір топ мақалдарда халықтың табиғат, қоғам құбылыстарының заңдылықтары жайлы өмір тәжірибесінен түйген топшылауларын көреміз. Олардың ішінен табиғаттың, қоғам өмірінің өсу-дамуының заңдылығын көрсететін "Батар күннің атар таңы бар", "Туған ай тураған атпен тең", "Әр нәрсе уақытымен қызықты", әртүрлі құбылыстар арасындағы себепті байланыстылықты көрсететін "Шөлтің басы жел тұрмаса қимылдамайды" "Шоттың басын бассаң сабы өзіне тиеді" деген секілді мақалдарды атауға болады.

Үстем тап өкілдері халық мақалдарын өз тілек-талаптарына сәйкес, жаңастыра өзгертіп, өнін аударып пайдаланды. Қанаушы таптың ой-санасын уағыздаушылар халықтың сөз үлгісіне сүйеніп, еңбекші бұқараның санасына жат мақалдар да туғыады. Осындай жағдайлар жене ұзақ жылдар, ғасырлар бойы халық санасына ескі ұғымдар мен діни көзқарастың әсері күшті болғандығы мақалдардың ішінде әртүрлі қалшылық, қосындылар болуына өзге себеп болды.

Мағнасы кертартпа мақалдарды халық қабылдай бермейді, жатырқап тосаңсиды, олар көбіне қанаушы таптың, аз ғана топтың арасында тарап келген. Халық мұндай мақалдарды қолдана қалса, оны сол үстем тап өкілдерін, олардың халыққа жат қылық, мінездерін сынау, әшкере ету үшін пайдаланған.

"Ескі бише отырман мақалдап" дегенде, Абай билердің мақалды үстем тап мүддесін қорғаудың қаралы еткендігін, олардың өңі түскен, шау тартқан мақал, нақыл сөздерге әуестігін сынаған, енді мұның көнерген ескі дәстүрге айналғанын, жаңа заманның озат тілегіне сай келмейтінін айтқан.

Мақалдың ішінде кейде идеялық мазмұны қарама-қарсы екі варианты барлары кездеседі. Мұның себебі – халықтың сипаттағы мақалдарға үстем тап мүддесін жақтаушылар тарапынан әртүрлі қосындылардың болғандығы.

Мақалдың негізгі мазмұны сақталғанымен оның айтылу қалпы, жеке сөздерді әртүрлі болып өзгеріп, бірнеше варианттардың пайда болуы да – жиі кездесетін жай. Бұл мақалдың ауызша айтылып тарайтындығына байланысты.

Сонымен бірге кейбір мақалдың басқа сол алуандас бірнеше мақалмен сыртқы құрылысы, түрі ұқсас келетіндігі байқалады. Бұдан кейде жаңа мақалдардың бұрын қалыптасқан үлгіге сәйкес туатынын көреміз.

Мақал-мәтел ұшқыр, тілге орамды, көңілге қонымды, құлаққа жағымды келеді. Орнын тауып айтса, сөзге өң беріп құлпыртып жібереді.

Мақалдың тілі өте көркем және мейлінше қарапайым, сөз құрамы бай, халық тілінің суреттеу, бейнелеу мүмкіншіліктері мақалда жан-жақты, мол көлінісін тапқан. Ұлы жазушылардың халық тілін үйрену, мөлшеру үшін мақал-мәтелдерді жете білу

керек деген пікір айтуы осыдан туған. Мақалда сөз түрленіп, бірнеше мағнада қолданылатынын, сөз тіркестері өте қисынды аяқтасып, қабысып тұратынын көреміз.

Сөйлем құру, әсіресе құрмалас сөйлем жүйесін үйлестіру, қисындыру жағынан алғанда мақалдан алуан түрлі үлгі-өрнек, әдемі сөз кестесі табылады. Сөйлем құрылысы жатық, жеңіл әсерлі болады.

Мақалдың сөйлем құрудағы бір ерекшелігі, онда бастауыш, баяндауыш түгел бола бермейді. Кейде мақалда баяндауыш түсіп қалады. Мысалы: "Еңбек түбі - береке, көптің түбі - мереке", "Бейнет, бейнет түбі - зейнет", "Еңбегі аздың әнбегі аз" деген сөйлемдерде баяндауыш жоқ, ол тек ойша ғана ұғылатын болады" деген сөз. Егер мақалды толық айтсақ, "Еңбек түбі береке болады, көптің түбі мереке болады", "Еңбегі аздың әнбегі аз болады" дер едік, бірақ, онда сөйлем жұбарланып, ықшамдылығынан, келісті ырағынан айрылар еді.

Мақалда сөзді мүсіндеп, сулулау үшін сан-алуан теңеу, эпитет, метафора, метонимия сияқты бейнелеу тәсілдері жарасымды, шебер қолданылады.

Мысалы:

"Жақсы жігіт - жағары құндыз,

Жақсы қыз - көктегі жұлдыз",

"Ақылды ердің ішінде

Алтын ерлі ат жатыр;

Асыл әйел ішінде

Алтын бесікті ұл жатыр".

"Базарда теңге сөйлейді".

Осындай мақалдарда орынды, қисынды салыстыру, шендестіру арқылы екі нәрсе, екі құбылыс бір-бірін аңраптып, толықтырып,

бейнелі картина жасайды.

Мақалда әсірелеу, күшейте суреттеу әдісі жиі қолданылады /"Айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жарады".

Мақал - мәтелдердің өзіндік жасалу жолдары, сан қилы шеберлік әдістері бар.

Мақал көбіне бір-бірімен ұйқасы бар екі бөлімнен құралады. Сол екі бөлімнің бірінде алтылуға тиісті ойдың шарты айтылса, екіншісінде қортынды түйін беріледі. /"Жасында қылжың болсаң, қартайған соң мылжың боларсың", "Күлме досқа, келер басқа", "Ексең егін, ішерсің тегін", "Аз болсын, аз да болса, саз болсын"/.

Бірде мақал екі қабилысты, екі нәрсені салыстыра отырып айтса, бірде қарама-қарсы қою арқылы білдіреді. "Жақсының басына іс түссе, ашынар да, ашылар; жаманның басына іс түссе, бір тулар да, басылар", "Жақсы атқа бір қамшы, жаман атқа мың қамшы", Кейде мақал бір-біріне ұқсас екі нәрсені қатар қою арқылы, сол екі нәрсеге параллель жасау арқылы құрылады, яғни мақалда параллелизм өте жиі кездеседі. Мысалы: "Қой көрмеген қой көрсе, қуалап жүріп өлтірер; ұл таппаған ұл тапса, уалап жүріп өлтірер", "Ыдысын көр де, асын іш; анасын көр де, қызын ал" т.б.

Уағаз, өнеге айту түрінде құрылатын мақал да жиі кездеседі. Мысалы: "Әткен іске өкінбе", "Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле", "Сыртын көріп ішінен түңілме; қарасын көріп күшінен түңілме".

Мақал-мәтел, тапқырлық, жүйесін тауып, сөзін сырлап айтқыштықтан шығады, көп жағдайда ақындық өнермен тығыз байланысты туады. Мақал-мәтел көбіне ырғағы, үйлесімі бар, орнекті, үні әсем-сазды боп келеді, өлең-жыр түрінде құры-

лады. Мақал-метел түйдегімен төгілген ұзақ жыр, өлеңдей емес, ол жарқ етіп кенет оралған ойды орамды сөзбен жеткізетін ықшам, нақыл сөз, тақпақ, терме түрінде келеді. Осындай өлең үлгісінде құрылған мақалдар халық поэзиясында өлең өлшемінің қаншалықты бай, мол екендігін айқын аңғартады.

Мақалдарда жеті және жеті-сегіз буынды, үйлесімі әртүрлі өлең түрлері жиі кездеседі:

Ат көрмеген ат көрсе,  
 Шаба-шаба әлтірер;  
 Тон кимеген тон кесе,  
 Қаға-қаға бітірер

Бір биенің екі емшегі,  
 Бірі кетсе, сүті жоқ;  
 Бір түйенің екі өркеші,  
 Бірі кетсе, күші жоқ.

Қазақ жазба әдебиетінде кең өріс алып, қанатын жайған жеті және жеті-сегіз буынды өлең өлшемдерінің түп негізі осындай халық үлгілерінде жатыр. Бұл келтірілген өлшем түрлерінің өте ырғақты, әуезділігі оның өрнегінің әдемі, келістілігінде. Әр жолда, яғни тармақта төрт буынды екі бунақ, не бір төрт, бір үш буынды екі бунақтан келеді. Бунақ пен бунақтың арасына үнемі тұрақты сөз айырмасы келіп, өлең сөз ырғағын шыңдап, ширатып отырады.

Мақалда алты буынды өлең үлгісі де жиі ұшырайды:

Жаз болса, су сақта,  
 Қыс болса, ну сақта.

Түрленге жол тақса,  
 Қалғанда үй жақса.

Әрі жат, бері жат -  
Төсектің тарлығы;

Сенікі, менікі -  
Көңілдің тарлығы.

Бұғары, құрылысы жағынан бұл нұсқалар Абайдың "Көзімнің қарасы", "Антпенен тарқайды" сияқты өлеңдерімен толық үндес, негізінен бірлес. Абай халықтың нұсқаларды жүйеге келтіріп, ұзақ өлеңдерде шебер қолданып, дамытқан, қазақ жазба әдебиетіне енгізіп, орнықтырған.

Мақал-мәтелдерде төрт буынды өлең өлшемнің нұсқалары да көп кездеседі:

"Күлме досқа,  
Келер басқа.

Көңіл -қазы,  
Көз таразы.

Бұл өлшем түрінің халық әдебиетінде жиі кездесетінін халық өлеңдерінен, жұмбақтардан да көре аламыз. Мысалы: "Бірім бірім" деген белгілі балаларға арналған халық өлеңін, болмаса:

Апан, апан,  
Ескі шапан,  
Мір қобыз,  
Жарық жұлдыз,-

сияқты жұмбақтарды атауға болады.

Мақал белгілі бір өлең түріне сәйкес құрылмағанның өзінде де, оның бұғарында көбінесе өзіндік бір кесте-өрнектің барлығы байқалады.

Мысалы:

Керіскеннің кесірі

Керек істі кетіретер.

Халық сөздің тек сыртқы сұлулығын қуаламайды. Алуан түрлі дыбыс, үйлестіру әдіс-тәсілдері сөз аярын арттырып, оны әсерлі ету, сол арқылы сөз маңнасын шебер жеткізу үшін қолданылады.

х х х

Мақал-мәтелдің қазақ әдебиетінің қалыптасуы, дамуында елеулі мәні бар. Ауыз әдебиеті және жазба әдебиетінің өкілдері өз шығармаларында халық мақал-мәтелдерін, нақыл сөздерін кеңінен пайдаланады.

Қазақтың белгілі ағартушы-ғалымы, әдебиет зерттеушісі Шоқан Уәлиханов мақал-мәтелді халық әдебиетінің қоғам өмірін терең суреттейтін жанрды бір саласы деп жоғары бағалаған. Шоқан Уәлиханов кейбір қазақ мақалдары мен орыс мақалдары арасында жақындық, ұқсастық барын да атап көрсетеді.

Қазақ әдебиетінің классиктері Ыбрай Алтынсарин, Абай мақал-мәтелдерге өте үлкен мән берді. Алтынсарин балаларға арналған оқулықтар мен әңгімелеріне қазақ мақалдарының ең тандаулысын енгізді. Абай өз өлең шығармаларында халық мақалдарын сүйсіне пайдаланған. Абай өлеңдерінде мақал-мәтел өте орынды қолданылады: "ырыс баққан дау бақпас", "Тесік моншақ жерде қалмас", "Сабыр түбі сары алтын", "Бір тойған-шала байлық", "Бұқа бұға, ақбан дұға", т.б. Абай халық мақалдарын зор бағамай отырып, оған сын көзімен де қарай білді. Ұлы ағартушы бесінші сөзінде: "Түстік өмірің болса, күндік мал жи", "Сөзінде жоқ болса, әкет де жет", "Малдының беті жарық, малсыздың беті шарық", "Бір азығы мен бөрі азығы жолда", "Ирдің малы елде, еріккенде қолда", "Берген перде бұзады",



"Мал тапқан ердің мазығы жоқ", "Баидан үмітсіз- құдайдан үмітсіз", "Қарның ашса қаралы үйге шап", деген сияқты мақалдарды мысалға алып, оларды қатты сынайды. Бұл мақалдарды елді ғылым, білімнен аулақтатып, "урлық, қулық, сұмдық, тіменшілік, соған ұқсаған қылықтарды" мақдақтап, соған баулиты мақалдар дейді.

Қазақ совет әдебиетінің С.Сейфуллин, М.Жансүгіров, Б.Майлин, М.Өуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсрепов, Ғ.Мұстафин сияқты көрнекті өкілдерінің шығармаларында да мақал-мәтелдер үлкен шеберлікпен қолданылады.

Осындай орнын тауып, қисынды қолданған мақалдардан Сәбит Мұқановтың шығармаларында кездесетін "Бөйгеге тіккен мойын", "Ер жігіттің екі сөйлегені - өлгені, емен ағаштың иілгені - сынғаны", "Ел құлағы елу", "Бүркіттің иесін төре шақыртады", "Ала қойды бөле қарыққан жунге жарымайды" деген сияқтыларын айтуға болады.

Халық мақалдарын кеңінен қолданумен бірге қазақ әдебиетінің көрнекті жазушылары оқушы жарытқамай мақсә қабылдайтын ұнасымды мақсә сөздерді жанадан жасап отыратынын байқаймыз.

Үшінші туған эмарлы мақал сөздерден Мухтар Өуезовтың "Абай" романында Абай атынан айтылған: "Жалған намыс қасиет емес, ар сақтаған қасиет", "Өріс деген - өріс", Базаралы мен дөркембай айтатын "Жолдасын таппаған ер азады, басшысын таппаған ел азады", "Шірбек шыққан жерден төзім де шығады" деген мысалдарды келтіруге болады. дөркембай кедей бұқараны батыл қимылдауға шақырғанда айтатын "Кілінуің көп, килігуің жоқ" деген сөз де - жана тулғадағы, жарасымды жасалған сөз ұсақасы.

Мақалдың тіл мен әдебиеттің, жалпы халық әдебиетінің дамуында елеулі орны бар. Мақал - қоғамдық, тәрбиелік әдеби-

**лық-көркемдік мәні зор халықтың асыл мұрасы.**